



**Қоғамдық -гуманитарлық бағыты**  
**«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы**  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:** Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**В032-Философия және этика**

**В034-Тарих**

**В134-Археология және этнология**

**В038-Әлеуметтану**

**В039-Мәдениеттану**

**В040-Саясаттану және азаматтық құқықтану**

**В041-Психология**

**В090-Әлеуметтік жұмыс**

**В093-Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі**

**3. Тест мазмұны:**

№	Бөлім	№	Тақырып	Оқыту мақсаты
01	Орталық Азия өркениеттері	01	Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері	- "Орталық Азия" түсінігін, аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін қолдану; - Әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірлерін сараптау
		02	Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары	- Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін басқа әлемдік өркениеттермен салыстыру, бағалау; - Әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлін анықтау
02	«Ұлы Дала» өркениеті	03	«Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы және дала өркениетінің қалыптасуының ерекшеліктері	- Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін анықтау; - Тарихи деректерді талдау негізінде " Ұлы Дала " ұғымының мәнін түсіндіру

		04	«Ұлы Дала» өркениетінің қайнаркөзі және қалыптасуының ерекшеліктері	- Энеолит, қола дәуірінің саяси-экономикалық даму ерекшелігін анықтау
03	Орталық Азия және әлемдік өркениет	05	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	- Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерінің адамзаттың дамуына қосқан үлесі туралы дәлелдеу
04	Этникалық және әлеуметтік процестер	06	Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер	- Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін "антропогенез", "этногенез", "этнос" ұғымдарын пайдалану; - Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін сипаттау
		07	Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері	- Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының біріктіруші ролін анықтау; - Қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін "ру", "тайпа", "жүз", "ата-жұрт", "ата-мекен" ұғымдарын пайдалану
05	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	08	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымы	- Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшелігін талдау; - Алғашқы көшпелілер империясы туралы білу
		09	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі	- Мемлекеттердің географиялық-аумақтық құрылымы мен шекаралас мемлекеттерді картадан көрсетеді; Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін анықтау; - Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымы туралы дереккөздерінен мәліметтерді саралау

06	Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы	10	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресін білу;</li> <li>- Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау;</li> <li>- Қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу;</li> <li>- Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу</li> </ul>
		11	Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұлттық мемлекетті жаңғыртудағы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың рөлін зерттеу;</li> <li>- Мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын айқындау;</li> <li>- Тәуелсіздік алудың маңызына баға беру</li> </ul>
07	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	12	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. Тарихи және мәдени ескерткіштер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ халқының материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктерін талдау және әлемдік өркениеттегі орнын бағалау;</li> <li>- Қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін атау;</li> <li>- Қазақстан Республикасындағы мәдени мұраны дамыту саясатына талдау</li> </ul>
		13	Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасын анықтау;</li> <li>- Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын дәлелдеу</li> </ul>
		14	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттар мен жанрларды анықтау;</li> <li>- Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін талдау</li> </ul>

08	Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы.	15	Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр - XX ғасырдың басы). Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін анықтау;</li> <li>- Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін білу;</li> <li>- Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін айқындау</li> </ul>
09	Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты	16	Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының себептерін, негізгі бағыттары мен басымдықтарын көрсету;</li> <li>- Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының маңызын дәлелдеу</li> </ul>
		17	Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау;</li> <li>- Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының ролін сипаттау</li> </ul>
10	Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы.	18	Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау және Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясымен сабақтастыру;</li> <li>- Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғалардың саяси ойларын анықтау</li> </ul>
		19	Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау және Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясымен сабақтастыру;</li> <li>- Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларын атайды, олардың қоғамдық-саяси идеяларын талдау</li> </ul>

		20	«Зар заман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары	- Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары туралы ақпаратты жинақтайды және ішінара негіздей отырып, тұжырым жасау
		21	XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары	- XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарын талдау
11	«Алаш»–қоғамдық ой және ұлттық идея	22	«Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері	- «Алаш» идеясы, тарихи негіздерін анықтау, басым бағыттарын анықтау; - «Алаш» идеясының мәнін түсіну
		23	«Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары	- «Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастарының негізін түсіну; - «Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастарын анықтау
12	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы-XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негізі	24	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі	- "«Алаш» идеясы, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау, басым бағыттарын сабақтастыру
		25	Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары	- Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтарының негізін білу; - Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтарының маңыздылығын анықтау
13	XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	26	Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	- XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын талдау; - XVIII-XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулершілер мен олардың еңбектерін атау
		27	Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары	- Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалаудың маңызын, жетістіктері анықтау; -Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесіндегі қайшылықтарға сыни көзқарас, өзіндік пікірін білдіру

		28	Қазақстан Республикасы білімімен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесін жаңарту стратегиялары мен бағдарламаларын талдау;</li> <li>- Білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттарын мен нәтижесін көрсету;</li> <li>- Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын атау;</li> <li>- Білім және ғылым жүйесін жаңартудың маңызын анықтау</li> </ul>
--	--	----	--	--

#### **4. Тест мазмұнының сипаттамасы:**

Тест «Қазақстан тарихы» пәні бойынша бір дұрыс жауапты таңдауға арналған 20 тест тапсырмаларынан тұрады. Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:**Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген

оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. З.А. Джандосова. Қазақстан тарихы. Алматы «Мектеп», 2019 ж.
2. З.Е. Қабылдинов, А.Д. Сандыбаева, Ф.Р. Лебаев. Қазақстан тарихы. Алматы «Атамұра», 2020 ж.
3. А.Т. Төлеубаев, Ж.К. Қасымбаев, М.К. Койгельдиев. Қазақстан тарихы. Алматы «Мектеп», 2014 ж.
4. М.К. Койгельдиев, А.Т. Төлеубаев. Қазақстан тарихы. Алматы «Мектеп», 2011 ж.

**«КЕЛІСІЛДІ»  
Оқу-әдістемелік  
бірлестігінің төрағасы**



*(Handwritten signature)*

Н.Ахат

(КОЛЫ)

« 08 » 09 2022 ж.

*(Handwritten signature)*

*(Handwritten signature)*

*(Handwritten signature)*

*(Handwritten signature)*